


«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің отырысы
күн тәртібінің №18 мәселесі
бойынша шешімге
қосымша
(2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№15/2025 хаттама)

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№15/2025 хаттамасымен
бекітілген**



**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында
тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат**

Астана, 2025

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	
Атауы Құжат №	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат	
Құжат түрі: Саясат	KMG-VND-4041.2-37	31 беттің 1-беті
Әзірлеген: Т.М. Молдарахимов _____ 2025 ж. 1 тамыз	Тексерген: С.Е. Никитинский _____ 2025 ж. 3 тамыз	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2025 ж. 10 қыркүйектегі шешімімен, №15/2025 хаттама, №18 мәселе, бекітілді

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатының талаптарын қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Портфельдік компаниялардағы тәуекелдерді басқару жөніндегі талаптары, сондай-ақ Тредвей комиссиясының демеушілік ұйымдары комитетінің (бұдан әрі – COSO), «Тәуекелдерді басқару – қағидаттар мен жалпы ұсынымдар» ISO-31000 стандартының және тәуекелдерді басқару саласындағы басқа да халықаралық кәсіби ұйымдар стандарттарының ұсынымдары ескеріле отырып әзірленді.

1.2. Саясат ҚМГ Даму стратегиясына сәйкес негізгі стратегиялық бастамалар мен қызметтің басқа да бағыттары бойынша ресурстарды тиімді басқару және бөлу үшін ТБЖ-ны қолдауға және дамытуға бағытталған. Бұл басқару органдарына ҚМГ және еншілес және тәуелді ұйымдар (бұдан әрі – ЕТҰ) үшін тәуекелдердің қолайлы деңгейін қамтамасыз ете отырып, инвестициялардың кірістілігін барынша арттыра отырып, тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға, мониторинг жүргізуге және басқаруға мүмкіндік береді. Бұл процестер негізделген басқару шешімдерін қабылдауға ықпал етеді және ҚМГ мен ЕТҰ құнын құру мен сақтаудың ажырамас факторы болып табылады.

1.3. Саясаттың мақсаттары:

1) тәуекелдерді басқару мақсаттарына, қағидаттары мен әдіснамасына стандартталған тәсілді белгілеу, сондай-ақ ҚМГ мен ЕТҰ-да тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру;


2) ҚМГ ТБЖ ұйымдық құрылымын айқындау;

3) ҚМГ мен ЕТҰ-да тәуекелдерді жіктеуге бірыңғай тәсілді қалыптастыру;

4) тәуекелдерді басқару процесінің дәйекті кезеңдерін және ҚМГ мен ЕТҰ ішінде тәуекелдер туралы ақпарат алмасу тәртібін белгілеу;

5) ТБЖ мониторинг жүргізу тетіктерін және тәуекелдерді басқару бөлігінде ҚМГ және ЕТҰ қызметінің жекелеген аспектілерін айқындау;

6) ТБЖ жоспарлау, инвестициялау, өтімділікті басқару және мотивациялау жүйесімен байланыстыратын элементтерді құру;

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат	
Саясат	KMG-VND-4041.2-37	31 беттің 2-беті

7) жекелеген тәуекел түрлері бойынша рұқсат етілген деңгейлерге декомпозициялай отырып, тәуекел-шыңды айқындау және қабылданған тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету;

1.4. Саясатқа Саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар да кіреді.

1.5. Бұл Саясат ТБЖ практикалық іске асыру процесінде туындауы мүмкін барлық ықтимал сценарийлерді қамтуды көздемейді.

1.6. ТБЖ бекітілген стратегиялардан, даму жоспарларынан және басқа да ішкі нормативтік құжаттардан (бұдан әрі – ІНҚ) туындайтын ҚМГ және ЕТҰ алдына қойылған белгілі бір мақсаттар мен міндеттер контекстінде жүзеге асырылады. ҚМГ жылына кемінде бір рет тәуекел-шыңды айқындайды.

1.7. ҚМГ мен ЕТҰ ТБЖ енгізу және жетілдіру Компанияның стратегиялық, қаржылық және операциялық мақсаттарына қол жеткізудің қажетті шарты болып табылады және аса маңызды міндеттердің бірі ретінде қарастырылады.

2. Анықтамалар мен қысқартулар

2.1. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Тәуекел иесі	Белгілі бір тәуекелді басқару, атап айтқанда, тәуекелдің іске асу ықтималдығын азайту және/немесе тәуекелді іске асырудан болатын салдардың ҚМГ мен ЕТҰ-ға ықтимал әсерін азайту үшін жауапты қызметкер немесе ҚМГ құрылымдық бөлімшесі немесе алқалы органы.
Тәуекелдер картасы	Тік осі бойынша тәуекел залалының мөлшері, ал көлденең ось бойынша оның туындау ықтималдығы көрсетілген тікбұрышты кестеде берілген шоғырландырылған негіздегі ҚМГ мен ЕТҰ тәуекелдерінің графикалық бейнесі.
Негізгі тәуекел көрсеткіші (бұдан әрі – НТК)	Тәуекел-факторлардың өзгеру үрдістері және ҚМГ мен ЕТҰ қызметіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің ықтимал іске асуы туралы сигнал беретін индикатор. Мысалы, кезең ішінде қызметтің белгілі бір нысаналы көрсеткіштері бойынша жоспардың қабылданбауының (орындалмауы) және іркілістердің, авариялардың, кідірістердің, жазатайым оқиғалардың, өндірістік ақаудың, сот процестерінің, баспасөздегі теріс жарияланымдардың саны (немесе оқиғалардың жалпы массасындағы үлес) және т.б.
Қызметтің негізгі көрсеткіші (бұдан әрі – ҚНК)	Компания қаржылық-өндірістік қызметінің тиімділігін және қызметкерлердің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуі дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштер.
Тәуекел	Тәуекел түрлерін, әсер ету дәрежесін және өзара

профилі	байланыстылығын, олардың ҚМГ мен ЕТҰ қызметінің нәтижелеріне салдарын қарауға мүмкіндік беретін ҚМГ мен ЕТҰ тәуекелдеріне кешенді шолу.
Тәуекелдер тіркелімі	Шоғырландырылған негізде ҚМГ ен ЕТҰ тәуекелдері туралы ақпаратты қамтитын құжат (тәуекелдің сипаттамасы, тәуекел-факторлар, тәуекел иесі, тәуекелді бағалау көрсеткіштері, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары және т.б.), ҚМГ мен ЕТҰ тәуекелдерінен басқа, тіркелім тәуекел карталарының қызыл аймақтарына енген ЕТҰ тәуекелдерін қамтиды.
Тәуекел	ҚМГ мен ЕТҰ стратегиялық, қаржылық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін оқиғалардың (немесе факторлардың) туындау ықтималдығы.
Тәуекел факторы (тәуекел-фактор)	Тәуекелдің іске асуына әкелетін тәуекел себептері пайда болатын жағдайлар, жай-күй, мән-жайлар. Тәуекел факторлары ҚМГ мен ЕТҰ операциялық қызметінен тыс туындайтын және олардың қызметімен байланысты емес сыртқы болуы мүмкін, сондай-ақ ҚМГ ен ЕТҰ процестеріне, ұйымдық құрылымына, адами ресурстары мен активтеріне байланысты болатын және оның операциялық қызметі шеңберінде туындайтын ішкі болуы мүмкін.
Тәуекел-шың	ҚМГ мен ЕТҰ стратегиялық, қаржылық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу кезінде қабылдарлық тәуекелдің және/немесе залалдың қолайлы мөлшері. ҚМГ мен ЕТҰ өзінің тәуекел-шыңы шегінде тәуекелдерге шыңдың қолайлы шекараларын айқындайды (мысалы, бір жобаға инвестициялар лимиттері, қарыз алу лимиттері және т.б.).
Тәуекел бөлімшесі	ТБЖ ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты ҚМГ мен ЕТҰ құрылымдық бөлімшесі.
Төзімділік	Тәуекелдерді сәйкестендіруден және өзектендіруден кейін бекітілген тәуекел-тәбет декомпозицияланатын НТК лимиттері немесе шекті мәндері түрінде көрсетілген тәуекелдің іске асу салдарынан нақты бизнес-мақсатқа қол жеткізуге қатысты ауытқудың қолайлы деңгейі.
Тәуекелдерді басқару (тәуекел-менеджмент)	Құндылықты құру, сақтау және іске асыру кезінде ҚМГ мен ЕТҰ (тәуекелдерді басқару үшін) сүйенетін барлық процестерге (стратегиялық жоспарлаудан бастап тиімділікті басқаруға дейін) интеграцияланған мәдениет, құзыреттер, әдістер мен тәсілдер. Тәуекел-менеджмент корпоративтік басқарудың негізгі элементтерінің бірі, ұйымның барлық деңгейлерінде басқарушылық шешімдер қабылдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Саясатта «тәуекелдерді басқару», «тәуекел-менеджмент»,



	«ТБЖ» терминдері бір-бірінің орнына қолданылады.
ТБЖ қатысушысы	Директорлар кеңесі (бұдан әрі – ДК), оның комитеттері, ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ), Басқарма, ҚМГ мен ЕТҰ қызметкерлері, тәуекел бөлімшесі, ҚМГ мен ЕТҰ құрылымдық бөлімшелері, тәуекел үйлестірушілері.
«Қорғаудың үш желісі» моделі	ҚМГ мен ЕТҰ ДК басшылығымен тиімді ТБЖ үшін рөлдер мен міндеттерді мынадай үш бөлек топ (қорғау желілері) арасында бөлуге негізделген ТБЖ ұйымдастыру тәсілі: бизнес-функциялар (ҚМГ мен ЕТҰ әрбір құрылымдық бөлімшесі), тәуекелдер мониторингі және бақылау функциясы (тәуекел бөлімшесі, Комплаенс қызметі, Құқықтық қамтамасыз ету департаменті, Корпоративтік қамтамасыз ету департаменті), ТБЖ (ІАҚ) тиімділігін тәуелсіз бағалау функциясы.
ЕТҰ	ҚМГ еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, соның ішінде бірлескен бақылаудағы ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары.
Тәуекел үйлестірушісі	Міндеттеріне тәуекелдерді басқару, өзінің құрылымдық бөлімшесінде іске асқан және әлеуетті тәуекелдерді есепке алу және талдау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру, сондай-ақ тәуекел бөлімшесімен және басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-қимыл жасау кіретін тәуекел/тәуекел-фактор иесі тағайындайтын құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкері.

2.2. Саясатта ашылмаған терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚМГ мен ЕТҰ Жарғысында және өзге де ІНҚ-да айқындалған мағынасында пайдаланылады.


3. ТБЖ мақсаттары мен міндеттері

3.1. ҚМГ және ЕТҰ ТБЖ Қордың Тәуекелдерді басқарудың бірыңғай жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Ол үшін ҚМГ Қордың нормативтік актілерінің талаптарына сәйкес ТБЖ енгізу процесін құрады.

3.2. ТБЖ бірыңғай процеске біріктірілген өзара байланысты элементтер жиынтығы болып табылады, оның шеңберінде ДК, басшылық және қызметкерлер өз деңгейлерінде ҚМГ және ЕТҰ қызметіне әсер етуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды анықтауға, сондай-ақ акционерлер үшін қолайлы тәуекел деңгейі шеңберінде осы оқиғаларды басқаруға қатысады.

3.3. ТБЖ мынадай мақсаттарға жетудің ақылға қонымды сенімділігін қамтамасыз етуге арналған:

1) стратегиялық мақсаттар: құндылықты құру және сақтау, ұзақ мерзімді орнықтылықты арттыру, капиталдандыру мен инвестициялық тартымдылықты арттыру;

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<p align="center">«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат</p>	
<p align="center">Саясат</p>	<p align="center">KMG-VND-4041.2-37</p>	<p align="center">31 беттің 5-беті</p>

2) операциялық мақсаттар: ресурстарды тиімді және нәтижелі пайдалану, активтердің сақталуы;

3) есептілік саласындағы мақсаттар: сенімді есептілік дайындау;

4) талаптарды сақтау саласындағы мақсаттар: қолданыстағы заңнаманы және ІНҚ сақтау.

3.4. ТБЖ басқарушылық шешімдер қабылдау процесін және ҚМГ күнделікті операциялық қызметін қолдайтын құрал болып табылады. Жүйе мынадай қызмет салаларында қосымша практикалық әсер алуға ықпал етеді:

– *Стратегиялық жоспарлау.* ТБЖ стратегиялық мақсаттарды жоспарлау мен оған қол жеткізуді қолдаудың қарапайым және практикалық құралы бола отырып, тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару бөлігінде стратегиялық жоспарлау талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

– *Бюджеттеу.* Тәуекелдер және оларды басқару жөніндегі жоспарлар туралы ақпарат қаржылық ресурстарды қоса алғанда, ресурстарды бөлуге арналған ҚМГ мен ЕТҰ өтінімдерінің негіздемесі ретінде қызмет етеді.

– *Мотивациялау жүйесі және қызмет нәтижелерін бағалау.* ТБЖ тиімділігі ҚМГ және ЕТҰ құрылымдық бөлімшелері мен жекелеген қызметкерлер қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде критерийлердің бірі ретінде пайдаланылады.

– *Тәуекелдер мониторингі.* Тәуекелдерді бағалау нәтижелері ҚМГ мен ЕТҰ-дағы басқарудың неғұрлым жоғары деңгейінде елеулі тәуекелдерді қарау және мониторинг жүргізу қажеттілігін негіздейді.

3.5. ТБЖ мақсаттарға жетудің кепілі бола алмайды немесе оның сәттілігін қамтамасыз ете алмайды, өйткені оның басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ескерілуі керек бірқатар шектеулері бар. Сонымен бірге, ТБЖ оларға қол жеткізудің ақылға қонымды сенімділігін қамтамасыз етеді. ТБЖ негізгі шектеулеріне мыналар жатады:

1) адами фактор:

– ҚМГ және ЕТҰ басқару органдары пайымдауларының субъективтілігі;

– ҚМГ және ЕТҰ қызметкерлерінің белгіленген қағидалар мен рәсімдерді қасақана немесе байқаусызда бұзуы;

2) болашақтың белгісіздігі:


– ҚМГ және ЕТҰ бақылауындағы емес сыртқы оқиғалардың әсері;

– тәуекелдерді бағалау модельдерін құру кезінде барлық айнымалылар мен өзара әрекеттесулерді есепке алудың мүмкін еместігі;

3) тәуекелдерді егжей-тегжейлі талдау үшін ресурстар (уақыт, қаржы, технология, персонал) шектеулі.

3.6. Қолданыстағы шектеулерге қарамастан, ҚМГ және ЕТҰ ауқымында тәуекелдерді тиімді, интеграцияланған және дәйекті басқару елеулі пайданы қамтамасыз етеді, соның ішінде:

– тәуекелдерге шыңды ескере отырып белгіленген стратегиялық, қаржылық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудің сенімділігін арттыру;

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат	
Саясат	KMG-VND-4041.2-37	31 беттің 6-беті

- күтпеген теріс оқиғалардың ықтималдығын азайту, тұрақсыздықты азайту және қызмет ауқымына сәйкес келетін рұқсат етілген тәуекелдерді қабылдау арқылы кірістілікті арттыру;
- заңнамалық, реттеушілік және корпоративтік талаптарды сақтау;
- сыртқы ортадағы өзгерістер мен трендтерді уақтылы бақылау мүмкіндігі;
- шешім қабылдау процесінің сапасы мен ашықтығын жақсарту;
- шығындар мен шығыстарды бақылауды арттыру, шығындар бойынша оңтайлы бақылау ортасын сақтау;
- қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін жақсарту;
- қосымша құн қалыптастыру үшін жаңа мүмкіндіктер мен нарықтарды анықтау және пайдалану.

3.7. Осылайша өзіне тән шектеулерді ескере отырып, ТБЖ ҚМГ орнықты дамуын басқару мен қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Бұл сыртқы және ішкі ортаның өзгеретін жағдайларына икемделу мен бейімделуді сақтауға мүмкіндік береді.

3.8. ТБЖ міндеттеріне мыналар жатады:

- 1) ҚМГ және ЕТҰ бизнес қызметінің барлық аспектілеріне, барлық басқару деңгейлерінде тігінен енгізуді қоса алғанда, тәуекел-менеджментті интеграциялау.
- 2) ҚМГ Даму стратегиясына сәйкес тәуекел мәдениетін дамыту және тәуекел-тәбет деңгейін айқындау.
- 3) Стратегиялық, қаржылық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге қауіп төндіретін оқиғалар туындауының алдын алу, олардың салдарын қолайлы деңгейге дейін қысқарту және жағымсыз оқиғаларға тиімді ден қою.
- 4) Тәуекелдер мен олардың факторларын ескере отырып, шешім қабылдау процесін жетілдіру, капиталды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.
- 5) Ұзақ мерзімді перспективада активтердің құнын және кірістілігін арттыру мүмкіндіктерін пайдалану.
- 6) Мақсаттар мен тәуекелдердің иелері тәуекелдерді дербес анықтайтын және бағалайтын, стандартталған басқару әдістерін қолданатын және оларды азайту жөніндегі шараларды әзірлейтін жүйе құру.
- 7) Мүдделі тараптарға ҚМГ мен ЕТҰ тәуекелдерді тиімді басқаратыны және ішкі бақылаушы ортаны қолдайтыны туралы ақылға қонымды кепілдік беру.

3.9. ТБЖ саясаты мен рәсімдері кезең-кезеңімен енгізіледі және оларды енгізу мерзімдері мен толық сәйкестікке қол жеткізу ТБЖ дамуының нақты сатысына байланысты болады.

4. Қолданылу саласы

4.1. Осы Саясат ҚМГ және ЕТҰ барлық басқару деңгейлері мен қызмет түрлеріне қолданылады және барлық қызметкерлер, функционалдық блоктардың басшылары, құрылымдық бөлімшелер мен ҚМГ лауазымды адамдары оны

орындауға міндетті болады. Лауазымдық міндеттер мен қойылған міндеттерді орындау шеңберінде қызметкерлер Саясатта баяндалған ережелерді басшылыққа алады.

4.2. Саясат ҚМГ мен ЕТҰ-ға қолданылады. Бұл ретте, егер ЕТҰ тіркеу елінің заңнамасы Саясат ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптарды белгілесе, ЕТҰ тіркеу елі заңнамасының талаптары қолданылады, ал мұндай заңнамамен реттелмеген бөлігінде осы Саясаттың ережелері қолданылады.

4.3. ЕТҰ-да Саясатты қолдану ұқсас саясаттарды бекіту немесе ЕТҰ-ның ІНҚ-ны тиісті ЕТҰ қызметінің сипаты мен ерекшеліктерін ескере отырып, осы Саясатқа сәйкес келтіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

4.4. Осы Саясатты іске асыру кезінде ҚМГ акционерлердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін, сондай-ақ олар үшін тәуекелдердің іске асуының ықтимал салдарын ескереді.

4.5. Саясат интернет желісінде ҚМГ ресми сайтында, электрондық құжат айналымы жүйесінде орналастырылады және оның негізгі ережелері ҚМГ жылдық есебінде ашылады.


5. ТБЖ қатысушыларының жауапкершілігі және олардың міндеттері

5.1. ҚМГ-дағы ТБЖ ұйымдық құрылымы ҚМГ-ның мынадай органдары мен құрылымдық бөлімшелерін тарта отырып, бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқарумен ұсынылған.

1-сурет. ТБЖ ұйымдық құрылымы



5.2. Лауазымды тұлғалар, функционалдық блоктардың басшылары, құрылымдық бөлімшелер және ҚМГ мен ЕТҰ қызметкерлері өздерінің функционалдық міндеттері мен өкілеттіктері шегінде тәуекелдерді басқаруға жауапты болады. Олар сондай-ақ осы Саясаттың және оны іске асыруға байланысты ҚМГ мен ЕТҰ-ның басқа да ІНҚ талаптарының тиісінше орындалуына жауап береді.

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<p align="center">«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат</p>	
<p align="center">Саясат</p>	<p align="center">KMG-VND-4041.2-37</p>	<p align="center">31 беттің 8-беті</p>

5.3. ҚМГ ДК тәуекелдерді басқару саласында мынадай функцияларды орындау арқылы ТБЖ тиімділігіне қадағалауды орындайды:

- 1) ҚМГ мақсаттарын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) айқындайды;
- 2) Саясат шеңберінде: ТБЖ ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін, ҚМГ Тәуекелдерін басқару саласындағы ТБЖ қатысушыларының рөлдерін бөлуді бекітеді;
- 3) Тәуекел-шыңды, төзімділікті, негізгі тәуекел көрсеткіштерін, тәуекелдер тіркелімін, картасын, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын, ҚМГ тәуекелдері бойынша шоғырландырылған есептерді (бұдан әрі – Тәуекелдер жөніндегі есеп) бекітеді;
- 4) шешімдер қабылдау кезінде ілеспе тәуекелдерді ескере отырып, ҚМГ ДК құзыретіне кіретін мәселелерді тиісінше қарауды қамтамасыз етеді;
- 5) қолданыстағы ТБЖ ҚМГ ДК айқындаған қағидаттар мен оны ұйымдастырудың тәсілдеріне сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдайды, оның ішінде (бірақ шектелмей) ТБЖ тиімділігін бағалау туралы ІАҚ есептерін қарайды, тәуекелдерді басқаруды жақсарту жөніндегі сыртқы аудиторлардың қорытындыларын талдайды;
- 6) өзінің қажетті тәуелсіздігі, дағдылары, тәжірибесі мен бизнес білімі бар-жоғын және тәуекелдерді басқаруды қадағалауды жүзеге асыру үшін ҚМГ қызметінің ағымдағы мәселелері бойынша толық ақпаратқа қол жеткізе алатынын өзі үшін тұрақты негізде айқындауға тиіс.

5.4. ҚМГ Аудит комитеті ҚМГ ДК ТБЖ сенімділігі мен тиімділігін бақылау мәселелері бойынша жәрдем көрсетеді.


5.5. ІАҚ ТБЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді және оны жетілдіруге жәрдемдеседі. ІАҚ тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша тәуелсіз қорытындылар мен ұсынымдар бере отырып, ҚМГ Аудит комитетіне және ДК-ге қолдау көрсетеді.

5.6. Тәуекелдер бөлімшесі өз функционалы мен қолда бар ресурстары шегінде ҚМГ ЕТҰ-ның Байқаушы кеңестері мен ДК-не тәуекелдерді басқару тиімділігі мәселелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар бере отырып, қолдау көрсетеді.

5.7. Комплаенс қызметі Іскерлік этика кодексін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы және ҚМГ мен ЕТҰ-ға қолданылатын өзге де реттеуші талаптарды сақтамау тәуекелдерін басқаруға бағытталған комплаенс-бағдарламаны әзірлеу және енгізу үшін жауап береді.

5.8. Өз құзыреті шегінде ҚМГ Басқарма төрағасы:

- 1) ҚМГ-да ТБЖ жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 2) ҚМГ ДК шешімдерін және ҚМГ ДК Аудит комитетінің ТБЖ ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсынымдарын орындайды;
- 3) тәуекел- үйлестірушілері тізілімін және Тәуекелдер жөніндегі комитет құрамын бекітуді қоса алғанда, ДК немесе ҚМГ Басқармасының бекітуін талап етпейтін ТБЖ ұйымдастыру мәселелері бойынша бұйрықтарға қол қояды.

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат	
Саясат	KMG-VND-4041.2-37	31 беттің 9-беті

5.9. ҚМГ Басқармасы мынадай функцияларды орындау арқылы ТБЖ тиімділігін кұру және қолдау үшін жауапты болады:

- 1) Саясатты іске асыруды, әзірлеуді, бекітуді және ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді ескере отырып, ІНҚ өзектендіруді және енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласында бекітілген барлық ІНҚ туралы ҚМГ ДК-ні хабардар етеді;
- 2) ҚМГ ДК шешімдерін және ҚМГ ДК Аудит комитетінің тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру саласындағы ұсынымдарын орындайды;
- 3) құрылымдық бөлімшелердің басшылары арасында ТБЖ рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті бөледі;
- 4) қажетті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлердің тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуді қамтамасыз етеді;
- 5) қызмет нәтижелері туралы есептерде және Басқарма құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау кезінде тәуекелдер туралы ақпаратты қарауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқаруды ҚМГ бизнес-процестеріне интеграциялауды қамтамасыз етеді;
- 6) ҚМГ ДК қарау үшін тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді алдын ала мақұлдайды;
- 7) тәуекелдерді басқару лимиттеріне, әдістемелеріне, әрекет ету жөніндегі іс-шараларға және ІНҚ-ға сәйкес өзге де аспектілерге байланысты мәселелерді қарайды;
- 8) ІНҚ, тәуекел-тәбет және төзімділік деңгейлерін сақтауды қоса алғанда, ТБЖ-ға мониторинг жүргізеді, тәуекелдер бойынша есептерді қарайды және қажетті шараларды қабылдайды.

5.10. Көлденең коммуникацияны қамтамасыз ету және ТБЖ тиімді енгізу үшін ҚМГ Басқармасы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде әрекет ететін, тәуекелдерді басқару мәселелеріне алдын ала шолуды жүзеге асыратын және ҚМГ Басқарма төрағасына және/немесе ҚМГ Басқармасына осы салада шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар беретін Тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді. *Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы, функциялары мен ұйымының толық сипаттамасы ҚМГ тәуекелдер жөніндегі тиісті ІНҚ-да ұсынылған.*

5.11. ҚМГ ДК және Басқармасы өз функцияларын орындау кезінде тәуекелдерді басқарудың теңгерімді және жүйелі тәсілін қамтамасыз ететін «үш қорғау желісі» моделіне сүйенеді.

5.12. **Бірінші қорғау желісі (бизнес-функциялар)** ТБЖ-да құрылымдық бөлімшелермен және әрбір қызметкермен өз құзыреті шегінде ұсынылады. ҚМГ және ЕТҰ қызметкерлері (тәуекел иелері мен ортақ иелері) күнделікті негізде тәуекелдерді тікелей басқаруды жүзеге асырады, олардың әлеуетті ықпалына мониторинг жүргізеді және өздерінің функционалдық міндеттері шегінде тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

5.13. Құрылымдық бөлімшелер маңызды тәуекелдерді уақтылы анықтауға және хабарлауға, сондай-ақ оларды басқару бойынша ұсыныстар енгізуге жауапты болады. Бұл жағдайда олар мынадай негізгі функцияларды орындайды:

1) тәуекелдерді сәйкестендіреді және бағалайды, ден қою стратегияларын, сондай-ақ нақты ден қою шараларын іске асырады, қажет болған жағдайда жетекшілік ететін бағыттарда ТБЖ жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) өздеріне сеніп тапсырылған бизнес-процестерді реттейтін саясаттар мен рәсімдерді әзірлейді және өзектендіреді;

3) өз құзыреті шегінде оның барлық компоненттері бойынша тәуекел-шыңды және олардың НТК сақтайды;

4) іске асқан және әлеуетті тәуекелдерді есепке алу және талдау жөніндегі ИНҚ-ға сәйкес іске асқан және әлеуетті тәуекелдер базасын толтырады;

5) орындалатын функциялар шеңберінде тәуекелдерге елеулі әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі факторларды қадағалайды;

6) тәуекел бөлімшесін қоса алғанда, мүдделі тұлғаларға тәуекелдер туралы уақтылы және толық ақпарат береді. Ақпарат тоқсан сайынғы негізде төзімділікке тұрақты мониторинг жүргізу, НТК, тәуекелдер тізілімі мен картасын, тәуекелдер жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қалыптастыру, сондай-ақ шоғырландырылған есептерді дайындау мақсатында беріледі. Тәуекел бейініндегі жаңа тәуекелдер немесе өзгерістер анықталған кезде (НТК шекті мәндерінен асып кетуді немесе оған жақындауды қоса алғанда) құрылымдық бөлімше ден қою шаралары бойынша мәліметтер мен ұсыныстарды тәуекел анықталған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде жібереді.

5.14. Тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру, тәуекел мәдениетін дамыту және ТБЖ-ны бизнес-процестерге интеграциялау мақсатында ҚМГ мен ЕТҰ әрбір бөлімшесінде тәуекел үйлестірушілері тағайындалады. Тәуекел үйлестірушілер өздерінің құрылымдық бөлімшелерінде тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысты үйлестіреді және ҚМГ және ЕТҰ тәуекел бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды. *Қызмет тиісті ҚМГ ИНҚ-мен реттеледі.*


5.15. **Екінші қорғау желісін** тәуекел бөлімшесі, ҚМГ Комплаенс қызметі және өндірістік, ішкі, құқықтық және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі басқа да бақылау қызметтері ұсынады.

5.16. Екінші қорғау желісі құрылымдық бөлімшелердің (бизнес-функциялардың) тәуекелдерді басқарудың, заңнаманы және ҚМГ мен ЕТҰ ИНҚ-ні сақтаудың тиімді практикаларын енгізуге мониторинг жүргізуге, сондай-ақ Іскерлік әдеп кодексінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және ҚМГ-ға қолданылатын басқа да реттеуші талаптардың болжамды бұзылуын бақылауға жауап береді.

5.17. Тәуекел бөлімшесі мынадай функцияларды орындайды:

1) ҚМГ-дағы тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіреді;

2) ҚМГ үшін тәуекелдерді басқару саласындағы ИНҚ әзірлейді және өзектендіреді, тәуекел иелерін бекітілген құжаттар туралы хабардар етеді және тәуекелдерді басқаруды бизнес-процестерге интеграциялау бойынша ұсыныстар енгізеді;

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат
Саясат	KMG-VND-4041.2-37 31 беттің 11-беті

3) тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді белгіленген мерзімде қалыптастырады;

4) жекелеген тәуекел түрлері бойынша рұқсат етілген деңгейлерге декомпозициялай отырып, тәуекел-шынды қалыптастырады;

5) тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді дайындау және ҚМГ Басқармасына және ДК-ге шығарылатын материалдарды қарау кезінде анықталған тәуекелдерді қамтудың толықтығын және ден қою шараларының жеткіліктілігін сыни бағалайды, тәуекелдер портфелін талдайды, ден қою стратегиясы бойынша және қажет болған жағдайда ресурстарды қайта бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысады, басшылықтың назарын жаңа және елеулі өзгерген тәуекелдерге аударады;

6) ҚМГ және ЕТҰ-дағы тәуекелдер бойынша тәуекел иелері мен құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық және практикалық қолдау көрсетеді;

7) іске асқан және әлеуетті тәуекелдердің деректер базасын тұрақты негізде басқарады;

8) белгіленген лимиттер мен талаптарға сәйкес кредиттік, инвестициялық және нарықтық тәуекелдерге мониторинг жүргізеді;

9) қажет болған жағдайда тәуекелдер мен ықтимал шығындарды сақтандыру мен қайта сақтандыруды үйлестіреді;

10) тәуекелдерді басқарудың негізгі процестерін автоматтандыруды жүргізу;

11) шартты міндеттемелерді іске асыру ықтималдығын бағалайды және мониторинг жүргізеді;


12) ықтимал дефолт оқиғалары үшін резерв қалыптастыруды бағалайды;

13) жылдық аудиторлық жоспар мен кепілдік картасын қалыптастыруға қатысуды, тексеру нәтижелерін талқылауды және білім мен әдіснамалармен алмасуды қоса алғанда, ҚМГ ІАҚ-мен өзара іс-қимыл жасайды.

5.18. Тәуекел бөлімшесі тәуекелдердің ағымдағы жай-күйі және қабылданатын ден қою шаралары, бақылау ортасындағы өзгерістер, тәуекелдерді басқару процесіндегі елеулі ауытқулар, ТБЖ жетілдіру жөніндегі іске асырылатын шаралар, тәуекелдерді басқару саласындағы өзге де мәселелер бойынша ҚМГ ДК, Аудит жөніндегі комитетті және ҚМГ Басқармасын хабардар етуге жауап береді.

5.19. Мүдделер қақтығысын болдырмау үшін Басқарма төрағасының тәуекел бөлімшесіне жетекшілік ететін орынбасары мен тәуекел бөлімшесі тәуекелдер иесінің функцияларын қоса атқармауы тиіс, бұл экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыға, қазынашылыққа, ішкі аудитке, бухгалтерлік есепке немесе инвестициялық шешімдер қабылдауға байланысты шешімдер қабылдауда тәуелсіздік пен объективтілікті қамтамасыз етеді.

5.20. Тәуекел бөлімшесі ТБЖ мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыру үшін басқа құрылымдық бөлімшелермен, ЕТҰ, ІАҚ және ҚМГ сыртқы аудиторларымен өзара іс-қимыл жасайды.

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат	
	Саясат	KMG-VND-4041.2-37

5.21. Тәуекел бөлімшесі қызметкерлері осы Саясатта және олардың лауазымдық нұсқаулықтарында көзделген өз функцияларын орындау үшін қажет болатын ҚМГ бүкіл ақпараты мен құжатына қол жеткізе алуы тиіс.

5.22. Тәуекел бөлімшесі осы Саясаттың талаптарын әзірлеуге және орындалуын бақылауға жауапты болады.


5.23. Комплаенс қызметінің осы тармақ шеңберіндегі құзыреттері осы Саясаттың 5.6-тармағында баяндалған.

5.24. Үшінші қорғау желісі (тәуелсіз кепілдік) ҚМГ ІАҚ-мен ұсынылған. Қызмет ТБЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді, оларды жетілдіруге жәрдемдеседі, оларға тәуелсіз бағалау бере отырып, ҚМГ Аудит комитеті мен ДҚ-ге қолдау көрсетеді.

6. ТБЖ құрылымы

6.1. ҚМГ және ЕТҰ-дағы ТБЖ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі – ТБКЖ) кіші жүйелерінің бірі ретінде өзара байланысты және бір-бірімен интеграцияланған 5 кіші процесті қамтиды (осы Саясаттың 2-суретін қараңыз):


2-сурет. ТБЖ



6.2. ҚМГ мен ЕТҰ-да КСУРТБКЖ ішкі жүйелері енгізіліп, жұмыс істейді:

– ТБКЖ ажырамас бөлігі болып табылатын ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі – ІБЖ). ІБЖ операциялық мақсаттарға қол жеткізуге және үш негізгі салада процестік тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған: (1) операциялық қызметтің тиімділігін арттыру, (2) толық және анық қаржылық есептілікті дайындау, (3) Қазақстан Республикасы заңнамасының және ҚМГ ІНҚ талаптарын сақтау. *ІБЖ жұмыс істеуінің мақсаттары мен қағидаттары ҚМГ-ның ІБЖ бойынша тиісті ІНҚ-да егжей-тегжейлі баяндалған.*

– деструктивті инциденттердің туындау ықтималдығын төмендетуге және ықтимал залалды азайту мақсатында жедел және тиісті ден қоюға

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат
Саясат	KMG-VND-4041.2-37

дайындықты арттыруға бағытталған қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі (бұдан әрі – ҚҮБЖ). ҚҮБЖ әзірлеу және тестілеу процесі ҚМГ-ның ҚҮБЖ жөніндегі тиісті ІНҚ-да егжей-тегжейлі баяндалған.

6.3. Барлық ішкі жүйелердің өзара байланысы мүдделі тараптарға «бір терезе» қағидаты бойынша ақпарат алуға мүмкіндік береді:

- 1) ҚМГ және ЕТҰ негізгі тәуекелдерінің барлық түрлері бейінінің бірыңғай көрінісі;
- 2) барлық салаларда анықталған негізгі тәуекелдерді азайтуға арналған ІБЖ тиімділігінің бірыңғай көрінісі;
- 3) компания қызметінің үздіксіздігіне әсер ететін тәуекелдердің іске асу жағдайында қалпына келтірудің бірыңғай тиімді кросс-функционалдық жоспары.

7. Ішкі орта және ТБЖ басқару мәдениеті


7.1. Ішкі орта ҚМГ мен ЕТҰ-ның тәуекелдерге жалпы қатынасын және қызметкерлердің оларға қалай қарайтынын және оларға қалай ден қоятынын айқындайды. Ол ТБЖ-ның барлық компоненттері үшін негіз болып табылады және тәуекелдерді басқару мәдениетін (бұдан әрі – тәуекел мәдениеті), тәуекелдерге шыңды, басқару органдары тарапынан бақылауды, қызметкерлердің этикалық құндылықтарын, құзыреттері мен жауапкершілігін, ҚМГ құрылымын, сондай-ақ адами, қаржылық және өзге де ресурстармен айқындалатын мүмкіндіктерді қамтиды.

7.2. ҚМГ мен ЕТҰ-да тәуекелдер туралы хабардарлықты арттыру, тәуекел мәдениетін дамыту және тәуекелдерді тиімді басқару үшін тұрақты ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі. Барлық қызметкерлер тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша уақтылы тапсырмалар алады, өз рөлдерін, міндеттерін және әріптестерімен өзара іс-қимыл тәртібін түсінеді. ҚМГ атқарушы органдары мен басқару органдары қолданыстағы тәуекелдер және оларды басқару жөніндегі шаралар жөнінде үнемі хабардар етіледі. Сондай-ақ клиенттермен, серіктестермен, реттеуші және қадағалау органдарымен, сондай-ақ акционерлермен тиімді байланыс қамтамасыз етіледі.

7.3. Тәуекел мәдениеті тәуекелдерді басқару философиясының негізі болып табылады және барлық лауазымды адамдар мен қызметкерлер өз міндеттерін орындау кезінде бөлісетін және қолданатын тәуекел-менеджмент саласындағы сенімдердің, түсініктердің және білімдердің жиынтығы болып табылады.

7.4. Тәуекел мәдениеті ҚМГ және ЕТҰ корпоративтік мәдениетінің бір бөлігі болып табылады және стратегияны әзірлеуден бастап оны іске асыруға және тиімділік мониторингіне дейінгі барлық кезеңдерде тәуекелдердің қалай айқындалатынын, бағаланатынын және басқарылатынын айқындайды.

7.5. ҚМГ және ЕТҰ ТБЖ негізгі халықаралық стандарттарына сәйкес барлық құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің қатысуымен тәуекелдерді сәйкестендіруді тұрақты негізде жүргізеді. Бұл тәуекелдердің барынша кең

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат
Саясат	KMG-VND-4041.2-37

31 беттің 14-беті

спектрін анықтауға, тәуекелдер туралы хабардарлықты арттыруға және тәуекел мәдениетін дамытуға бағытталған.

7.6. Тәуекел мәдениеті төрт қағидаға негізделген:

1) *Жоғары деңгейдегі жөн:* ҚМГ ДК, Басқармасы мен басшылығы шешім қабылдаумен де, қабылдаумен де байланысты ұзақ мерзімді құн, рентабельділік пен тәуекелдер арасындағы теңгерімді ескере отырып, шешім қабылдай отырып, жоғарыдан жөн көрсетеді. Басшылық бағыныстыларды тәуекелге бағытталған мінез-құлыққа шақырады. Басқару органдары отырыстарының күн тәртібіндегі әрбір мәселе тәуекелдерді талдаумен және белгіленген тәуекел-тәбетке сәйкестігімен сүйемелденеді.

2) *Корпоративтік басқару:* ҚМГ және ЕТҰ қызметкерлердің Саясатты және барлық ІНҚ-ны сақтау міндеттілігін түсінуін қамтамасыз ететін бақылау ортасын қалыптастырады. ҚМГ және ЕТҰ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тәуекелдерді басқару бойынша өздерінің жауапкершіліктері мен өкілеттіктерін нақты түсінеді. Тәуекел иелері ІНҚ-ға сәйкес тәуекелдерді түсінеді, басқарады және олар туралы уақтылы хабардар етеді.

3) *Шешім қабылдау:* ішкі орта коммуникацияның ашықтығымен және тәуекелдер туралы ақпараттың ашықтығымен сипатталады, бұл ілеспе тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сындарлы талқылауға ықпал етеді. Бұл сыртқы тың өзгерістерге жауап ретінде тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сыйақы жүйесі басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерге дұрыс көзқарасты қалыптастыру үшін қаржылық және қаржылық емес ынталандыруды пайдаланады. Шешім қабылдау белгіленген тәуекел-тәбетке сәйкес жүреді.

4) *Құзыреті:* ҚМГ және ЕТҰ ТБЖ ұйымдық құрылымы «үш қорғау желісі» моделіне негізделген, бұл ретте тәуекел бөлімшесі ҚМГ және ЕТҰ мақсаттарына қол жеткізуге қажетті сенімділікпен басшылықты қамтамасыз ете отырып, екінші желі функцияларын тиімді орындайды. Тәуекел бөлімшесі жаңа қызметкерлерге арналған бейімдеу бағдарламалары арқылы тәуекел мәдениетін дамытуды қолдайды, өз қызметкерлерін міндетті және функционалдық сертификаттауға қатысады, SCRUM-кездесулер ұйымдастырады және өзге де құралдарды пайдаланады. Қажет болған жағдайда тәуекел бөлімшесі ҚМГ қызметкерлері арасында тәуекелдер бойынша анонимді сауалнамаларға бастамашылық ете алады.

7.7. ҚМГ Басқармасы мен ДК үшін тәуекел мәдениеті деңгейі туралы ақпарат көздері ТБЖ тиімділігін бағалау жөніндегі құжаттар, корпоративтік басқарудың диагностикасы жөніндегі есептер және басқа да көздер болып табылады.

7.8. ҚМГ мен ЕТҰ Іскерлік әдеп кодексін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын бұзушылықтар туралы, сондай-ақ алаяқтық, парақорлық және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі белгіленген және қолданылады.

7.9. ҚМГ мен ЕТҰ-ның құндылықтарға бейілділігі ТБЖ тиімді жұмыс істеуінің негізі болып табылады. ҚМГ мен ЕТҰ-да қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың қызметі негізделетін құндылықтар, қағидаттар мен мінез-құлық

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат	
Саясат	KMG-VND-4041.2-37	31 беттің 15-беті

стандарттары айқындалған. Осы стандарттарды сақтау ҚМГ мен ЕТҰ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ете отырып, мүдделі тараптардың мүдделерін қорғауды және олардың сенімін қамтамасыз етеді.

7.10. ҚМГ және ЕТҰ басшылығы ДК қадағалауымен Компанияның мақсаттарына жету үшін қажетті адами ресурстарға қажеттілікті айқындайды. ҚМГ мен ЕТҰ-да дағдарыс жағдайларына міндеттерді бөлу жоспарлары, сондай-ақ негізгі персонал үшін сабақтастық жоспарлары әзірленеді.

7.11. Адами ресурстарды басқару саласындағы ІНҚ білікті персоналды тарту, дамыту және ұстау негіздерін айқындайды.

7.12. Стратегияны әзірлеу кезінде ол сыртқы және ішкі ортаны, сондай-ақ миссияны, көзқарасты және құндылықтарды ескереді.

7.13. Сыртқы ортаға саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, құқықтық және экологиялық факторлар кіреді. Коммерциялық ұйымдарды, қоғамдық және реттеуші құрылымдарды, сондай-ақ мемлекеттік органдарды қоса алғанда, ҚМГ мен ЕТҰ-ның сыртқы ортамен өзара іс-қимылы ішкі ортаның қалыптасуына ықпал етеді. Сыртқы ортаның құрылымы күрделі болады, өзара байланысты салаларды қамтиды және жүйелік тәуекелдердің пайда болуына жағдай жасайды.

7.14. Тәуекел мәдениетін қолдау және дамыту үшін ҚМГ мен ЕТҰ-да ТБЖ жұмыс істеу мәселелері бойынша жаңа қызметкерлерді таныстыруды және барлық қызметкерлерді (жылына кемінде бір рет) мерзімді оқытуды қоса алғанда, қызметкерлерді оқыту жүргізіледі.

7.15. ҚМГ және ЕТҰ ішкі ортасы мыналарды қамтиды:

- 1) ТБЖ шеңберінде қатысушылардың өзара іс-қимылы және функцияларды бөлу;
- 2) тәуекел-тәбет, НТК және тәуекел-төзімділік;
- 3) іске асқан тәуекел оқиғалары бойынша бірыңғай деректер базасын қамтиды;
- 4) тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторинг жүргізу және тәуекелдер туралы ақпараттандырудың бірыңғай процестері.

8. Тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіру: тәуекел-шыңды айқындау, тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, басқару және бақылау

8.1. Тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіру – тәуекел-менеджментті құру, енгізу, бақылау, талдау және үнемі жақсарту процесі.

8.2. ҚМГ тәуекел-менеджменттің тиімділігін арттыру мақсатында мүдделі тараптардың, реттеуші, қадағалау органдары мен аудиттердің күтулері мен ұсынымдарын, үздік халықаралық және салалық практикаларды, сондай-ақ АТ-жүйелерін пайдалану мүмкіндіктерін ескереді.

8.3. ТБЖ-ны одан әрі дамыту және жетілдіру үшін ҚМГ-да ТБЖ дамыту стратегиясы және/немесе ТБЖ жетілдіру тұжырымдамасы сияқты жекелеген тұжырымдамалық құжаттар әзірленуі мүмкін.



8.4. Тәуекел-шыңды айқындау процесі:

8.4.1. ҚМГ ДК қызметінің стратегиялық мақсаттары мен нысаналы көрсеткіштерін белгілегеннен кейін ҚМГ мен ЕТҰ өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қабылдарлық тәуекелдердің (тәуекел-тәбет) шекараларын айқындайды. Ол үшін ДК ҚМГ мен ЕТҰ ұшырайтын және қаржылық орнықтылығы мен өміршеңдігін жоғалтпай төтеп бере алатын негізгі тәуекелдер туралы түсінігі болуы тиіс.

8.4.2. ҚМГ және ЕТҰ өміршеңдігін жоғалтпай тәуекелдерді сініруге өзінің максималды қабілетін талдайды, содан кейін тәуекелдердің қажетті деңгейін (тәуекел-тәбет) есептейді және оны ДК қарауына және бекітуіне ұсынады. Бекітілген тәуекел-тәбет кейіннен тәуекелдер сәйкестендірілгеннен немесе өзектендірілгеннен кейін жекелеген лимиттерге (НТК / тәуекелге төзімділік) декомпозициялануы мүмкін.

8.4.3. Тәуекел-тәбет ҚМГ мен ЕТҰ миссиясын, пайымын және стратегиялық мақсаттары ескеріле отырып қалыптастырылады. Ол активтер құнын құру, сақтау және өсіру контекстінде ҚМГ мен ЕТҰ инвестициялық, қаржылық және операциялық қызметіне қатысты айқындалады.

8.4.4. Тәуекел-шыңды қалыптастыру стратегиялық жоспарлау процесімен қатар жүзеге асырылады және ҚМГ мен ЕТҰ мақсаттарға жету үшін қабылдарлық сыни тәуекелдердің жоғарғы шекарасын айқындайды. Тәуекел-тәбет ресурстарды бөлуге, процестерді ұйымдастыруға және тәуекелдерді тиімді бақылау мен басқаруға қажетті инфрақұрылымды құруға әсер етеді.

8.4.5. Тәуекел бөлімшесі жыл сайын белгіленген тәуекел-шыңдың өзектілігіне талдау жүргізеді, оның қорытындысы бойынша мәселе ДК бекітуге шығарылады. Ішкі ортада (мысалы, стратегияның өзгеруі) немесе сыртқы ортада (мысалы, жаңа реттеу талаптары) елеулі өзгерістер анықталған жағдайда, мұндай өзгерістер анықталған күннен бастап үш ай ішінде тәуекел бөлімшесі қажет болған жағдайда тәуекел-шыңды қайта қарауға бастамашылық жасайды және бұл мәселені тәуекелдер жөніндегі есеп шеңберінде ДК қарауына шығарады.

8.4.6. ҚМГ және ЕТҰ тәуекел-шыңының (тәуекел-тәбет туралы мәлімдеме) жоспарлы кезеңге сипаттамалары мынадай:

- мақсаттарды, бизнес-жоспарларды, қаржылық шектеулерді және мүдделі тараптардың үміттерін қоса алғанда, стратегияны көрсетеді;
- қызметтің барлық негізгі аспектілерін (бағыттарын) қамтиды;
- тәуекелді қабылдауға деген ұмтылыс пен мүмкіндікті ескереді;
- ҚМГ тәуекелдерге қатынасын айқындайды;
- сала мен нарық жағдайларын ескере отырып мерзімді түрде қайта қаралады;
- тәуекелдің өзіне тиімді мониторинг жүргізуді қажет етеді;
- сандық және сапалық көрсеткіштерді қамтиды.

8.4.7. Тәуекел-тәбет сандық және сапалық көрсеткіштермен айқындалады және мынадай түрде көрсетілуі мүмкін: жоғарғы деңгейдегі ҚНҚ рұқсат етілген

ауытқуларында, жоғарғы деңгейдегі тәуекел көрсеткіштерінің рұқсат етілген мәндерінде, белгілі бір тәуекелдерге қатысты мәлімдемелер түрінде.

8.4.8. Сандық параметрлер ҚМГ және ЕТҰ қызметіне әсер ететін сандық көрсеткіштер болып табылады.

8.4.9. Сапалық параметрлер ҚМГ мен ЕТҰ белгілеген шектеулерді көрсетеді:


- заңнама талаптарын сақтау;
- ҚНҚ белгіленген мәндерін және өзге де ковенанттарды, сондай-ақ Қор тарапынан белгіленген нормаларды орындау;
- беделді сақтау және жақсарту;
- стратегиялық даму бағыттары бойынша мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- сыртқы факторлардың әсерін азайту;
- ішкі орта сапасын арттыру;
- еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жақсарту;
- бизнес-процестердің жетілу деңгейін арттыру;
- ҚМГ және ЕТҰ ІНҚ айқындайтын басқа да мақсаттар.

